

6D070900-Металлургия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін

Жолдасбай Ержан Есенбайұлының

«Корғасынды жартылай өнімдер мен айналмалы материалдарды жоғары сульфидті мыс-мырышты концентратымен бірге өндедің кешенді инновациялық технологиясын жасақтау»
диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылыминың даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>1.1 Ғылыминың даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) <u>Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен нөмірі);</u></p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс №АР05130595 «Қорғасын өндірісінің кондиционды емес жартылай өнімдері мен айналмалы материалдарынан корғасын, мыс, мырыш, сирек және сирек жер металдарын тауарлы өнімге тікелей бөліп аудың жаңа жоғары технологиялық барботажды технологиясын жасақтау» 2018-2020 жылдардағы Гранттық қаржыландыру жобасы және №2018/BR05235618 «Қазақстан Республикасының тау-кен өндіру және тау-кен өндеу салаларында технологиялар мен өндірістерді жаңғырту» мақсатты бағдарламасының «Тауарлы өнімдер алумен түсті металлургияның ағымды және жинақталған шлак қалдықтарын жоюдың жоғары технологиялық қалдықсыз технологиясын жасау» 2018-2020 жылдарында қаржыландыру шенберінде орындалды</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады/қоспады</u>, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаган</u>.</p>	<p>Корғасын өндірісінде алынатын кондициялық емес, химиялық құрамы бойынша күрделі қазіргі технологиялар бойынша өндеуге келмейтін жартылай өнімдер мен айналмалы материалдарды жаңа бағыт бойынша қайта өндеу және оларды қайта өндеу кезінде алынатын өнімдер бойынша жаңа деректер алынды. Осы түрғыдан диссертациялық жұмыстың маңыздылығы өте зор. Жұмыстың мақсаты ғылыми-зерттеу түрғысынан өте жоғары деңгейде ашылған. Жұмыстың ғылымға елеулі үлесі қорғасын өндірісінің кондициялық емес жартылай</p>

			өнімдері мен айналмалы материалдарын қызын өндөлетін жоғары күкіртті мыс-мырышты концентратымен бірге оңтайланған шихтаны балқыту технологиясын жасақтау қажеттілігімен байланысты.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) <u>орташа</u> ; 3) тәмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары, және ол жұмысты орындау барысында алынған нәтижелерден, ғылыми мақалалар жазу кезінде ғылымға қосқан үлесімен анықталады. Берілген жұмыста «Өзіндік жазу» бөлімі жок. Сондықтан бұл деңгей жанама бағаланды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Қазіргі жағдайда қорғасын өнірісінен алынатын жартылай өнімдер мен айналмалы материалдарды қайта өндеу технологиялық көрсеткіштері өте тәмен: мыстың штейнге бөлініп алуы ~83 %, мырыштың шлакқа бөлініп алуы – 60%, қорғасынның кара қорғасынға бөлінуі 60%-ды құрайды. Алынған өнімдердегі As және Sb мөлшерлерінің күрт өсуі, олардың шаңға бөлінуінің нашар екендінгін көрсетеді. Мысьяктың шаңға бөлінуі ~ 60 %, ал суръманың шаңға бөлінуі – 50 % құрайды.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны оның тақырыбын толық айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыста келтірілген жұмыстың мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан;	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық түрғыда толығымен байланысқан.

		3) байланыс жоқ	
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><u>1) сынни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертациялық жұмыста жасақталған технологияның ғылыми-техникалық деңгейі теориялық білімдердің заманауи жаңа жетістіктерін пайдалану арқылы анықталған. Сыни талдау толық көлемінде бар. Автор ұсынған жаңа шешімдер көп компонентті $\text{Cu}-\text{Me}-\text{Fe}-\text{S}-\text{O}-\text{SiO}_2$ ($\text{Me} = \text{Pb}, \text{Zn}, \text{As}, \text{Sb}$) құрамы бойынша құрделі жүйесінің тепе-тендігін оттегінің (P_{O_2}) және күкірттің (P_{S_2}) парциалды қысымының берілген мәндері жағдайында және қорғасын өндірісінің жартылай өнімдері мен айналмалы материалдарын киын өнделетін жоғары күкіртті мыс-мырышты концентратымен тікелей қайта өндеу жағдайында жүргізілген зерттеулерге негізделген. Жұмыста алынған жаңа нәтижелер мен курастырылған инновациялық технологияның ұсынылған онтайлы технологиялық режимдері, әлемдік практикада алғаш рет көрсетіліп, қорғасын өндірісінің кондициялық емес жартылай өнімдері мен айналмалы материалдарынан сапалы балқыту өнімдерін алуға мүмкіндік беретіндігі орнатылған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың жаңа ғылыми нәтижелеріне және қағидалары:</p> <p>1) Берілген газ атмосферасында (P_{O_2}, P_{S_2}) құрделі кепкомпонентті мыс-қорғасынды штейн-шлак, металл-шлак жүйелерінің тепе-тендігін зерттеу бойынша жаңа қондырғысы мен әдістемесі жасақталып, мыс пен қорғасынның құрамы бойынша құрделі мыс-қорғасын штейнінен шлакқа өту механизмі зерттелінді. Темірсиликатты шлактың оптимальды құрамы анықталды, % масс.: 26-28 SiO_2, 8-10 CaO, FeO/SiO_2 – 0.8÷0.9. Анықталған шлак құрамында мырыштың шығымы 93 %-ға есептіні, ал мыс пен қорғасынның ерігіштігі 0,8 дең 0,3 %-ға және қорғасынның 1,8 дең 0,5 %-ға деін төмендейтіні</p>

дәлелденген;

2) Көп компонентті мыс totығы бойынша қаныққан $\text{Cu}_2\text{O}-\text{FeO}-\text{SiO}_2-\text{CaO}-\text{Al}_2\text{O}_3$ құрамы бойынша күрделі шлак жүйесінің ликвидус температуралары, тұтқырлығы және мыс оксидінің ерігіштігі бойынша жаңа көрсеткіштер алынды;

3) Балқыту өнімдерінде мыстың, корғасынның, мырыштың, мышьяктың және суръманың табылу түрлері бойынша жаңа деректері жұмыста алғаш рет алынды. Балқыту кезінде мыс оксидінің жоғалуының үлесі сульфидті жоғалымынан басым болатындығы және оның үлесі жалпы мөлшерінен ~78% болатындығы көрсетілген. Шлактағы корғасынның жоғары үлесі оның сульфидті түрінде (~50%) болатыны анықталды, бұл корғасын сульфидінің толық totықсызданбауын және балқыту кезінде штейн мен шлактың толықтай бөлінбеуін көрсетеді;

4) Cu, Pb, Zn, As, Sb және олардың қосылыстарының корғасынды жартылай өнімдер мен айналмалы материалдарын жоғары сульфидті мыс-мырышты концентраттымен бірлесіп балқыту кезінде бөлініп таралуы бойынша жаңа мәліметтер алынды. Мақсатты өнімдерге түсті металдарды бөліп алу бойынша ең жоғары нәтижелерге концентраттың шығыны 20%-ға тең болған кезде қол жеткізілетіні дәлелденді. Бұл жағдайда штейнге мыстың бөлінуі 96%-ды, қаралы корғасынға корғасынның бөлінуі – 92%-ды, шлакқа мырыштың бөлінуі – 87%-ды және мышьяк пен суръманың шанға бөлінуі – 82 және 78%-ды, сәйкесінше, құрайды.

Дегенмен, жұмыста көп компонентті жүйелерді зерттеу кезінде тепе – тендікке жеткенін қалай анықтағаны және жоғары күкіртті мыс-мырыш концентраты процестің негізгі технологиялық параметрлеріне қалай әсер ететіні сияқты мәселелер толықтай қарастырылмаған.

	<p>5.2 Диссертацияның корытындылары жана болып табыла ма?</p> <p><u>1) толығымен жана;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жана болып табылады);</p> <p>3) жана емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияық жұмыста көлтірілген корытындылары толығымен жана болып табылады. Зерттеулер жүргізу барысында алынған: шахталық қысқартып балқыту процесінің бастапқы және алынатын өнімдерінің физика-химиялық, минералогиялық құрамдары бойынша және шлактардың ликвидус температуралары, мыс оксидінің ерігіштігі, тұтқырлығы туралы алынған нәтижелер бұрында (ізденушімен және соавторлардан бөлек) жарияланбаған.</p> <p>Қазақстанның инновациялық патенттеріне жасалған талдау көрсеткендей алынған нәтижелер бұрында жарияланбаған. Әзірленген технологияның баламасы жоқ. Жасақталған технология бірқатар теориялық және практикалық артықшылықтарға ие: мыстың, қорғасынның шлактағы аз шығымын қамтамасыз ететін бастапқы шихтаның оңтайлы құрамы таңдалды; сульфидизатор ретінде киын өндөлетін жоғары күкіртті мыс-мырышты концентратын және оны қорғасын өндірісінің жартылай өнімдері мен айналмалы материалдарымен тікелей қайта өндеу мүмкіндігі көрсетілді; жана шихта құрамын балқыту кезінде кокс шығынын азайтуға қол жеткізілді; шлактың оңтайлы құрамы таңдалды: $\text{SiO}_2 = 26-28\%$ (масс.), $\text{CaO}=8-10,0\%$, $\text{FeO}/\text{SiO}_2=0.8÷0.9$. Жаңа технология бойынша түсті металдардың мақсатты өнімдерге жоғары деңгейде бөлініп таралуының мүмкіндігі көрсетілген: шлакта мырыштың жоғары шоғырлануы (93% дейін) және мыс пен қорғасынның (0,3% және 0,5%, сәйкесінше) минималды жоғалуы дәлелденген.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><u>1) толығымен жана;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып</p>	<p>Ізденушімен өткізілген теориялық және эксперименттік жұмыстар нәтижесінде қорғасын өндірісінің кондициялық емес жартылай өнімдері мен айналмалы материалдарын жоғары сульфидті мыс-мырыш концентратымен бірге қайта өндеудің жаңа, тиімділігі жоғары, эффективті технологиясы жасақталды. Технологияның техника-экономикалық көрсеткіштеріне сай есептелінген экономикалық тиімділігі жылына 51 млн АҚШ</p>

		табылады)	долларын күрады. Экономикалық тиімділікті есептеу кезінде алынған нәтижелер жалпылама түрде есептелген. Алынған экономикалық тиімділік технологияның толық экономикалық тиімділігін көрсетпейді. Кейбір көрсеткіштер: кондырығының, ғимараттың және т.б. аммортизациясы ескерілмеген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Жұмыста көрсетілген қорытындылар, заманауи тәжірибелік және физика-химиялық зерттеулер нәтижесінде құрастырылған. Қолданылған әдістемелер мен техника жабдықтары металлургиядағы негізгі теориялық және тәжірибелік зандылықтарға қайшы келмейді.
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:	Корғауға шығарылған 4 қағида толығымен эксперименталды түрде дәлелденген. Жұмыста қорғасынды жартылай өнімдері мен айналмалы материалдарын қызын өндөлетін сульфидті мысмырыш концентратымен бірге қайта өндеу бойынша зертханалық және іріленген-тәжірибелік зерттеулер өткізілген.
		7.1 Қағидат дәлелденді ме?	Диссертациялық жұмыста тривиалды элементтер жок. Жұмыста табылған зандылықтар мен зерттелген процестің ерекшеліктер жай түрғыдан құрастырылмаған, олар қазіргі замануи теориялық және технологиялық көзқарастармен жақсы үйлескен.
		1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді	7.2 Тривиалды ма?
		1) ия; 2) <u>жоқ</u>	Жұмыстағы қағидалар жаңа болып табылады. Жұмыс тақырыбы бойынша көрсетілген қағидалар мен нәтижелер (ізденушімен және соавторлардан бөлек) ғылыми әдебиетте кездеспейді.
		7.3 Жаңа ма?	Жұмыстағы қағидалар жаңа болып табылады. Жұмыс тақырыбы бойынша көрсетілген қағидалар мен нәтижелер (ізденушімен және соавторлардан бөлек) ғылыми әдебиетте кездеспейді.
		1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	7.4 Қолдану деңгейі:
		1) тар; 2) <u>орташа</u> ; 3) кен	Жұмыста келтірілген 2 қағида жалпы тек Қазақстандаған емес шетелдерде қолдануға жарамды. Қалған қағидалар тек тікелей ЖШС «Казцинк» жағдайында алынатын қорғасынды жартылай өнімдер мен айналмалы материалдарды өндеуге негізделген.
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	Жұмыс нәтижелері 2 КР өнертабысқа патентімен, КР БФМ БФСБК ұсынған журналдарда 5 жарияланыммен, Web of Science

		2) жок	деректер корына кіретін халықаралық журналдарда 3 мақала және Scopus деректер корына кіретін халықаралық журналдарда 2 мақаламен дәлелденген. Алынған жаңа нәтижелер 5 Халықаралық ғылыми конференцияларда талқыланған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p><u>1) ия;</u> 2) жок</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p><u>1) ия;</u> 2) жоқ</p>	<p>Тандалған әдістеме мен әдіснама пиromеталлургиялық процестердің ерекшеліктерін ескеріп тандалған. Тандалған әдістеме тек қорғасын өндірісінде қолданылатын процестерге ғана емес, сонымен қатар күйдіру, балқыту, шаң, газдарды ұстау және т.б. процестерді зерттеуге негізделген. Айта кететіні, жұмыста оттегінің (P_{O_2}) және құқірттің (P_{S_2}) парциалды қысымының берілген мәндері жағдайында мыс-қорғасынды штейн – темір силикатты шлак – газ фазасы жүйесінің тепе-тендік термодинамикасын зерттеудің жаңа қондырғысы мен әдістемесі қолданылып, мыс, қорғасынның шлактағы ерігіштігі бойынша жана деректер алынды. Бұл әдіс зауыттық жағдайда өткізілетін процеске барынша жақын жағдайды модельдеуге мүмкіндік береді. Қолданылған әдістер дұрыс нәтижелер алуға мүмкіндік берді. Бірақ жаңа әдістемені басқа жүйелерді зерттеуге қолданған кезде барынша мүкияттылықты талап етеді.</p> <p>Эксперименттік зерттеулер жүргізу кезінде келесі жабдықтар қолданылды: 75т-ДР дірілді ұсақтағыш, Shimadzu ELB 1200 компоненттерінің массасын өлшеуге арналған электрондық таразылар, SNOL жоғары температуралы электропеші, инертті газды беру жүйесі.</p> <p>Химиялық және минералогиялық күрамды, микрокұрылымдарды зерттеу кезінде пайдаланылған жабдықтар: сканерлейтін JSM 5910 электрондық микроскопы және X-ray powder diffraction (XRD, Rigaku TTRAXIII), "Neophot 32" оптикалық микроскопы және "PAM 30-g" рентгендік талдамалық микрозонд-микроскопы, Кристалл 2000M хроматографы.</p> <p>Эксперименттік жұмыстарды өткізу нәтижесінде алынған нәтижелер ЭСМ және арнайы жасақталған программада</p>

			өндөлінді.
		8.2 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <u>1) ия;</u> <u>2) жок</u>	Диссертациялық жұмыста келтірілген зандылықтар және корытындылар эксперименталдық нәтижелермен негізделген. Ізденушімен шахталық қысқартып балқыту өнімдерінде металдардың (Cu, Pb, As, Sb) табылу формалары, түсті металдардың шлакпен минималды ерігіштігін қамтамасыз ететін оптимальды шлак құрамын таңдау және қорғасын өндірісінде алынатын жартылай өнімдер мен айналмалы материалдарды қын өндөлетін сульфидті мыс-мырыш концентратымен бірге балқыту кезінде орнатылған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелерге нақты сілтімелер берілген. Бірақ экономикалық бөлімінде сілтемелер ескерілмеген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз	Жұмыста келтірілген 125 атаудан тұратын әдебиеттер тізімі толығымен әдеби шолу жасауға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: <u>1) ия;</u> <u>2) жок</u>	Диссертациялық жұмыс тек қорғасын өндірісінің пиromеталургиясына бағытталған емес. Сондықтан бұл жұмыстың теориялық маңызы өте жоғары.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия;</u> <u>2) жок</u>	Жұмыста көрсетілген нәтижелер жоғары практикалық маңызға ие. Қазіргі жағдайда кондициялық емес қорғасын өндірісінің жартылай өнімдері мен айналмалы материалдарын өндеу кезінде сапасы бойынша төмен өнімдер алынуда. Бұл оларды ары қарай өндеу кезінде қосымша шығындардың өсуіне әкеліп соғуда. Оларды қайта өндеу кезінде жоғары техника-экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізілмейді. Ұсынылып отырған технологияны казіргі уақытта ЖШС «Казцинк» жағдайында қолдану мүмкіндігі жоғары.

		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикаға берілетін ұсыныстар толығымен жаңа болып келеді. Жаңа технологияны қолдану кондициялық емес жартылай өнімдер мен материалдарды ғана қайта өңдеуге алуға мүмкіндік береді; сондай-ақ қын өндөлетін сульфидті мыс-мырыш концентратын тікелей өңдеу арқылы бағалы металдарды мақсатты өнімдерге жоғары мөлшерде бөліп алуға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қолданыста болған шахталық қысқартып балқыту процесінің көрсеткіштерінен қорғасынның қара қорғасынға 70%-дан 92%-ға дейін, мыстың штейнге 83%-дан 96%-ға дейін, мырыштың шлакқа 80%-дан 94%-ға дейін, мышьяк пен суръманың шанға 70% және 60%-дан 91% және 89% дейін, сәйкесінше, жоғарылатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар сульфидті мыс-мырыш концентратын қолдану кезінде қымбат кокс шығынын шамамен 2 есе төмендетуге мүмкіндік береді.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс диссертацияға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді және ішкі бірлігі бар. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері өзара логикалық түрде байланысқан және қойылған міндеттерді шешуге бағытталған.</p>

Е.Е. Жолдасбайдың «Қорғасынды жартылай өнімдер мен айналмалы материалдарды жоғары сульфидті мыс-мырышты концентратымен бірге өңдеудің кешенді инновациялық технологиясын жасақтау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық көлемде орындалған және PhD диссертациялық жұмыстарына қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді, жаңалығы мен өзектілігі көрсетілген және «6D070900 - Металлургия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық.

О.А.Байқоныров атындағы Жезқазған университетінін
PhD докторы



Ученый секретарь

Байконуров Е.Г.

Байменова Г.Р.